



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

суреттейді. Бұл қолданыс бізге ауыз әдебиеті арқылы жеткен Қазыбектің жоңғар қонтайшысы Цеван Рабданға айтқаны немесе Бұқар жыраудың «Керей, қайда барасың?» жырындағы елдің атынан сөйлеуде ұқсастық табады. Қолданыстағы ұлт немесе жекелей тайпа атауы жағдайға байланысты өзгеріп отырғанмен, мұндай қолданыс бүгінгі күнде де кездесіп жатады.

IV Арақатынасты білдіретін автометафоралар.

Мысалы: Атадан қалған, анажан,

Мен едім тұяқ балаңыз [Бабалар сөзі Т.51: 254].

Мысалы: – Әй, жан атам, жан атам,

Мен де сізден туған балапан [Бабалар сөзі Т.51: 175].

Жоғарыда берілген автометафораларды кейіпкердің келесі бір кейіпкерге қатыстылығын білдіру үшін мағынаны беру тәсілі әдебиеттегі литотаға ұқсас болғанымен, біз тілдік тұрғыдан алғандықтан, автометафораға жатқызамыз. Осы күндегі *тұяғы, балапаны* деген сөздердің тілді қолданушылар үшін ұрпағы (ұлы не қызы) мағынасында екенін айтпасақ та түсінікті.

Сонымен, қазақ төл әдеби тіліндегі мағынаны ауыспалы түрде беру үрдісінде, индивидтің өзін сипаттау тәсілдерінде автометафораның жиі қолданыс тауып жүргенін жырды негізге ала отырып көз жеткіздік. Әдеби тіліміздегі сөздерді топтастырып, олардың мағыналық түрлеріне қарай сөздіктер жасалғанын білеміз. Ал сол мағыналарды жасаушы түрлі тәсілдердің осы уақытқа дейінгі қалыптарын жинақтап, зерттеу нысанына айналдыру антропоцентристік бағытта дамып жатқан бүгінгі тіліміздің алар асуларының бірі болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 50-51. – Астана: «Фолиант», 2008.
2. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965.
3. Будагов Р.А. Проблемы изучения романских литературных языков. – М., 1961.
4. Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969.
5. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
6. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы, 2006.
7. Қазақ Совет Энциклопедиясы. 6 том, 1975.
8. Саркенова Қ.Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы: Оқулық. – Астана, 2010.

ӘОЖ 82-15

ШӘКӘРІМ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Ағали Әйгерім Сәрсетайқызы

aiger.agalieva@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті мамандығының 1 курс магистранты, Астана Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ғ. А. Түсіпбекова

Тұрақты тіркестер жалпыхалықтық тілдің сан ғасыр бойы жинақталған асыл қазынасы болып табылады. Сондықтан бейнелілігі де, экспрессивті-эмоционалды әсері де күшті болады. Қай ақын-жазушы болса да, фразеологизмдерді қолданудан бас тартпаған. Шәкәрімнің тіл өрнегін танытатын көркем де бейнелі фразеологизмдер қазақ әдеби тілін, көркем әдебиет тілін, поэтикасын соны образдармен байытқан. Шығармаға көркем бейнелілік пен ұлттық ажар беретін айрықша стильдік құрал ретіндегі фразеологизмдердің Шәкәрім тілінде алатын орны айрықша.

Фразеологизмдер – барлық тілдерге тән құбылыс. Сол үшін де осы бейнелі сөз орамдары әлем тілдерінде кеңінен зерттеліп келеді. Соның ішінде қазақ тіл біліміндегі

зерттеулердің негізінде бұл құбылыс жан-жақты қарастырылуда. Дегенмен, Ш.Құдайбердіұлының шығармалары тілдік тұрғыдан зерттеу нысанына алынбаған. Сондықтан Шәкәрім шығармаларындағы фразеологизмдерге барынша назар аудару, тексеру – жеке зерттеуді, көп ізденісті қажет ететін, қазіргі тіл білімінің, әдебиеттің өзекті мәселесі.

Жазушының тіл байлығы жеке сөздердің көптігімен өлшенбейді, керісінше оларды ұтымды қолдану шеберлігімен айқындалады. Нәрсіз сөздер мен орынсыз тіркестер тіл жұтандығы мен ой жұтандығын туғызады. Әлемдегі қандай халықтың болса да белгілі дәрежеде дамыған сөз өнері бар. Біздің халқымыздың сөз өнері бірнеше ғасырлар бойы дамып жетіле келе, алдымен, жалпыхалықтық тілді байытты. Халық тілінің көркемдегіш элементтерінің бір саласын фразеологизмдер құрайды.

Фразеологияны дербес пән ретінде қарастыру туралы ой тастап, түркі тілдес халықтар тіл білімінде осы мәселеге байланысты зерттеудің тууына игі әсер еткен, қазақ фразеологиясының мәселесімен шұғылданып, арнайы зерттеу жүргізіп, «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбек жазған І. Кенесбаев болды [1]. Одан бөлек фразеология туралы ілімді М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Т.Қордабаев, А.Ысқақов, К.Аханов, Р.Сыздықова, Ә.Хасенов, Х.Қожахметова және Ғ.Смағұлова, Р.Авакова, Қ. Сәрекенова, Ж.Қоңыратбаева т.б. ғылыми түрде саралап зерттеді.

Әдетте, фразеологизмдер көркем туындыда шығарма тіліне образды, бейнелі реңк беру, эмоционалды-экспрессивті бояуын арттыру мақсатында қолданылады. Фразеологизмдерді ұтымды пайдалану жазушының талғамын, тілдік байлығын танытуда шешуші мәнге ие болып келеді. Оларды дайын қалпында немесе авторлық өңдеумен де үйлесімді қолдана білу жазушының шеберлігімен байланысты.

«Фразеологизмдер тіл-тілдің бәрінде бар құбылыс және бұларды тілдің бөлекше сипаттағы шырыны мен суы таусылмайтын дәмді элементтері деп айтуға болар еді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі дегеніміздің айырықша көрінер жері осы фразеологизмдер маңы ... қай елдің қай жазушының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни каламгерлердің қай - қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім ...» [2,13].

Р.Сыздықованың көрсетуінше, «фразеологизмдер сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл бір жағынан, екінші жағынан, ол жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. Фразеологиялық тіркестер семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер. Демек, белгілі бір қаламгердің жалпы тілдік қазынасын және көркемдік байлығын зерттеуде оның фразеологиясын тауып, тану ерекше орын алады» [3,92].

Фразеологизмдер - күрделі лингвистикалық бірліктер екендігін айта келе, Ә. Қайдар олардың күрделілігін тек құрылымдық, түрлері мен синтаксистік модельдерінің көпшілігімен ғана емес, сонымен қатар тематикалық және семантикалық көп жақтылығымен, сондай-ақ ойдың түрлі эмоционалды-экспрессивті реңктерін бейнелеу мүмкіндігімен түсіндірілетіндігіне тоқталады [4,17].

Осындай ой айшығын келтіретін күрделі тіл бірліктері фразеологизмдерді көп қолданған суреткер – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Шәкәрім шығармаларындағы фразеологизмдерді:

1. Жалпыхалықтық тілден және ауызша әдеби тілден алып қолданған;
2. Абай тілінен алынған фразеологизмдер;
3. Ақын қаламынан туған авторлық фразеологизмдер деп бөлуге болады.

Шәкәрім жалпыхалықтық тілдегі *төбе шашы тік тұру, дауды жүндей сабау, бағы ашылу, жау жоқта жау сағыну, жер болу, қасықтай қар, тобықтай тоң қалмау, құдай ұру, ақ сауыт, жала жабу, басына бақыт қону, қанын ішу, сертіне жету, тұғырдан түсу, тізгінді алу, етегінен айырылмау, шыбын жан, ажал оғы* сияқты т.б. тұрақты тіркестерді, мәтіндегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түсу барысында грамматикалық тұлғасының өзгеруін ескермесек, қаз-қалпында қолданған. Дегенмен жалпыхалықтық тілдегіден басқа мағынада алуы да ұшырасады. Мысалы, *төбе шашы тік тұру* тұрақты

тіркесі жалпыхалықтық тілде қатты қорқу, шошу ұғымын береді. Шәкәрім «*Адал десе тік тұрар төбе шашы*» деп қолданғанда қорқу, шошудан гөрі безіну, қашу сияқты ұғымды білдіреді. Бірақ Шәкәрімнің қолданысында тұрақты тіркестің экспрессивті-эмоционалды бояуы солғындамаған. Керісінше, жағымсыз коннотациялық мағынаға ие болған.

Абай мен Шәкәрім арасындағы жалғастық фразеологизмдердің қолданысынан да анық байқалады. Абай: «*Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ақ зор тұтып*» – десе, Шәкәрім де осымен үндес «*Түзетпек едім адамды*», «*Мінін айтып қазушы ем, Түзетпек боп елімді*» сияқты қолданыстар бар. Абай поэзиясында кездесетін *ар сату, жан сату, көңілі қайту, жүрек көзі, ақ жол, сұм жүрек, нұрлы сөз* сияқты т.б. тұрақты тіркестер Шәкәрім шығармашылығында да орын алған. Шәкәрім қаламынан туған: «*Сырты сау, іші науқас*», «*көп итпен таласу*», «*сыртын көріп сын тақпа*» сияқты т.б. фразеологизмдер Абай поэзиясынан тамыр алып жатады.

Шәкәрім тіліндегі төлтума фразеологизмнің бірі: «*Үміттің үйін құлату*» болып табылады. *Үміт* дерексіз зат есім болса, *үй* – деректі зат есімімен тіркеспеу керек еді. Шәкәрімнің көркем ойы тіркестіріп қана қоймай, көңілге қонымды, бейнелі де, әсерлі біртұтас образға айналдырған. Қазақ тілінде «*үміті үзілу*» фразеологиялық тіркесі бар. Шәкәрім фразеологизмі соны да, көрнекі болып шыққан. Шәкәрімнің әлеуметтік лирикасында экспрессивті-эмоционалды қуаты күшті суреттеме сөз тіркестері болып келетін поэтикалық фразеологизмдердің небір көркем түрлері қолданылған. «*Құр шатаққа құмарлану*», «*жалмауға жалықпау*», «*тозақтың соқпағына түсу*», «*қу мен сұмды құдай қыл*», «*өлген жанның моласын тепкілеу*», «*сайтанмен ойнас жүрегі*», «*тамақ үшін тіл жалдау*», «*сайтанға беттен сүйгізу*», «*құбылма мінез, тайғақ ой*», «*мақтаннан перде кигенің*» сияқты т.б. авторлық фразеологизмдердің көркемдік қуаты күшті. Қоғамдағы, адам бойындағы келеңсіз құбылыс, мінез атаулыны дөп басып, бейнелі де, уытты тілмен әшкерелейді.

Фразеологизмдерді қолдану арқылы ақын көңіл-күйді береді және кейіпкердің жан күйзелісін, ашу-ызасын, қорқыныш сезімдерін, қуанышын суреттеу үшін пайдаланады. Осылай шебер қолданылған фразеологиялық тіркестердің бірнеше тобын көрсетіп кеткенді жөн көрдік. Мысалы: *мауқын басу* (*Шолпан да қарады, Мауқын бір басуға* [5, 25]), *буыны құрыды* (*Боз үйге кіріп, Буыны құрып...* [6,257]), *құмарын қандырды* (*Аулақта құмарымды қандырам деп, Асыға іздеп барар со барғанда* [5,22]), *жағы қарысты* (*Ар демек- адамшылық намыс деген, Арың кетпес жағыңа қарыс деген* [5,75]), *кер болу* (*Үйренуге қылма намыс, Үйретуге болма кер* [5,64]), *көзіне ілмеу* (*Айтқанда өтірікті судай жылып, Шынды ескерген адам жоқ көзіне іліп* [5,19]), *көзінен қанды жас сорғалады* (*Жер жүзіне қып- қызыл гүл бітірем, Көзімнен қанды жасым сорғаласа* [5,160]), *қабағынан қар жауды* (*Қабағынан қар жауған, Қараңғы бұлт жоғалды* [5, 6]).

Сөйлем ішінде образдылықты күшейту үшін автор фразеологизмдерге қосымша мағыналас ұғым мен суретті енгізу арқылы аталған тіркестерді жандандыра түседі. Оған мысал: *төбе шашы тік тұрды* (*Адал десе, тік тұрар төбе шашы, Жиган малы бәрі арам ішкен асы* [5,30]), *ындынымен ұнату* (*Ындыныңмен ұнатсаң бер қолыңды* [5,191]), *түбіне жетті* (*Тілімді ал да мұны қой, Түбіңе осы жетеді* [5,29]), *сабырын қайнатты* (*Сабыр айтты: «Мына сын, сабырымды қайнатты»* [5,27]) *өтірікті судай ағызды* (*Айтқанда өтірікті судай жылып, Шынды ескерген адам жоқ көзіне іліп* [5,19]), *қара тер болды* (*Болмасқа бұлай қара тер, Алдыңғы жақты қамдай бер* [5,257]), *жолында құрбан болды* (*Пәрменіңді айт, шықсын ба, не қайтсын ба, Жолыңа құрбан боп, шыдап тұр өлімге* [5,24]), *жанның бәрін жалмады* (*Жанның бәрін жалмайтын күш те керек, Айлақеске алдайтын еп арманда* [5,22]), *басын тауға да, тасқа да ұрды* (*Тауға ұра ма басыңды тасқа да ұра ма, Ал енді оған кісі қайтіп мінді?* [5,75]), *ажала байлап беру* (*Жөнелді күрең атпен сарындатып, Ажалға көпе- кернеу байлап берді* [5,10]).

Айтқанда өтірікті судай жылып, Шынды ескерген адам жоқ көзіне іліп. Осындағы *өтірікті судай ағызды* фразеологизмінің орнына *жалған сөйледі, өтірікті көп айтты* деген сөздердің бірін қолданса, әсері болмас еді. Немесе, Не дүние, не болмаса ақыретте,

Болар - ақ *бір тиындық* шыбын жанға [5, 8]. Егер *құнсыз, ештеңеге жарамайтын* десе, ойдың көркемділік дәрежесі жүдеу тартар еді. Сондықтан осы бір тұрақты тіркестің стильдік мәні айырықша. Ш.Құдайбердіұлы қолданған фразеологизмдер аз сөзбен көп мағынаны білдіріп, шығарманың стильдік сапасын арттырады.

Жанын кейіту, сабырын қайнатты, жағғы қарысты, көзінен қанды жас сорғалады, күлкі болды, онық жеді, соққы жеді, іш күйдіреді фразеологизмдері арқылы кейіпкердің жан күйзелісі, ашу-ызасы, көрген қорлығы, жалпы психологиялық, толғаныстары әсерлі жеткізіледі.

Тұрақты тіркестер кейіпкердің психологиялық сезім күйін береді. Сондай-ақ, бұл мәтінде тағы ескеретін нәрсе ақын шығармаларында соматикалық атаулар арқылы жасалған фразеологизмдер жиі қолданыста. Ә.Болғанбаев: «Анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан, көп мағыналы, туынды жаңа сөз жасауға соншама бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де айрықша көзге түседі», - деп, соматизмдердің фразеология жасаудағы маңызын айтады. [7,107]. Сондықтан, тұрақты тіркесті құруда соматикалық атаулар өнімді қызмет атқарады. Мысалы, *жанына батты, іштен тынды аяқты аңдап бас, кең маңдай, қолаң шаш, басын жұтты, екі көзі төрт болды, көзіне ілмеді, іш күйдіреді* т.б.

Сонымен, *біріншіден*, жазушы психологиялық сезім күйін эмоциялық және экспрессивтік мәні жоғары фразеологизмдер арқылы образды бейнеленеді.

Екіншіден, фразеологизмдерді жазушы кейіпкерлерін мінездеу мақсатында да қолданады.

Үшіншіден, кейіпкерлердің сыртқы портретін суреттей отырып, ішкі дүниесін аңғарту мақсатында, іс-әрекеттерінің, қылықтарының жағымды, жағымсыз жақтарын білдіруде фразеологиялық тіркестер қолданылады. Нақты мысал келтірсек, *Екі құлақ тарс бітіп, иел басыпты көзімді* [5, 94].

Негізінен, фразеологизмдердің шығарма тілінде жұмсалып аясы жиі болғанымен оны қолдану тәсілінің де өзіндік ерекшелігі және бірнеше негізі бар. Р. Авакова: "Адамдардың діни және мифтік көзқарастары мен танымдық жүйесі тілдегі фраземалар мен олардың пайда болуына ұйытқы болған діни персонаждар (Құдай, Алла, Тәңір, жаратушы, жаратқан, жасаған... т.б.) негізінде тілде сақталып қалған. Қазіргі халық тілінде, оның ойлау танымында Тәңірі, Құдай, Алла лексемалар жақсылық пен жамандық, ақ пен қараның, өмір мен өлімнің және т.б. қарама-қайшылығының аралық шекарасы іспетті тілде түрлі тіркестерде қолданылады" [8, 2], - деп көрсетеді.

Құдай, Алла, Тәңір сөздерінің тірек болуы нәтижесінде жасалған тұрақты тіркестер ауызекі тілде көп қолданылады.

Бір *Аллаға сыйынған* адам өлмес, *Құдайсыз* қу қолынан түк те келмес [5, 7]. Шын наданға атар таң болмайды екен, Білім іздеп *құдайдан тілейін* деп [5,11], Сұлуды сүймектік - *Пайғамбар* сүндеті [5, 60].

Берілген мысалдардағы *құдайға сыйынып, құдайдан тілеп, құдай күшті*, деген фразеологизмдер кейіпкерлердің қолдан келмейтін іске мойын ұсынғандығын, Аллаһ ұлы, Құдайдікі дұрыс, түзу деген мағынада жұмсалғандығын көреміз.

Жазушы шығармаларында сирек кездесетін фразеологизмдер де бар. Олардың қатарына тәңір сөзінің тіркесуі арқылы жасалған фразеологизмдерін алуға болады. Себебі жергілікті елдің сол замандағы диалектикалық ерекшелігімен сабақтасып жатса керек. Бұл культтік фразеологизмдер, көбінесе, авторлық баяндауда ұшырасады. Мысалы, Тәңіріні іздеп бір мұңғыл, Тас суретке шоқынса [5, 147]. Тәңрі алдында, білмеймін, кім озады, Өлгенде малың жалдап не көресің?

Жазушы шығармаларындағы фразеологизмдердің өзгертіліп қолданылу әдісі, жазушыға дейінгі уақытта болған құбылыс. Мәселен, ұлы ақын Абайдың өлеңдерінің тілін зерттеуші ғалым Р.Сыздықова төмендегідей пікір білдіреді: «Фразеологизмдер дүниесінде Абайдың қолданған және бір әдісі – жалпыхалықтық тілдегі тұрақты тіркестердің идеясын алып, мағынасын қуалап, соның ізімен жаңа тіркес жасау болды» [2,157] . Мұндай әдісті

қолдану ақын шығармаларында да жиі орын алған. Мәселен, Кейбіреуі майда айтып, Елжіретті, жылатты. Қайсыбірі қайғы айтып, *Үміттің* үйін құлатты. *Үмітін* үзді деген фразеологизмді Шәкәрім Құдайбердіұлы *үміттің үйін құлатты* деп мүлдем өзгертіп, тек мағынасын ғана алып қолданған. Немесе *ыза кернеді* фразеологизмін жазушы *іш күйдірді* деп трансформациялаған. *Жуан мойын*, ала көз, мүйізі алай, «Менен артық кім бар» деп жүргендері [5,157], дегендегі *жуан мойынның* номинативтік мағынасы адамның дене мүшесінің ірілігін, үлкендігін білдіретін болса, аталған мысалдағы фразеологиялық мағынасы әлсіз адамдарға күш көрсету, әлімжеттік жасау мағынасында қолданылады. *Жуан мойынның* номинативтік мағынасы фразеологизм бойында тұрып бастапқы мағынасын бере алмайды. Сондай-ақ, Абай жүр соны мазақ өлең қылып, Біреуі ұғар ма деп *көзі ашылып* [5,19], деген мысалдағы *көзі ашылу* (қимыл жасау) номинативтік мағынадағы тіркес пен *көзін ашу* (көкірегін, санасын ояту) ауыспалы мағынадағы фразеологиялық тіркестің беретін семантикасы әр басқа екені байқалады. Және де, қарастырылған поэмаларында жай ермек үшін емес, ұйқасқа үйлестілікті сақтау, тармақтың өлшемінен ауытқымау мақсатында өңделген, өзгертілген қолданыстарда бар. Оған мысал, миым, ақылым жетпей тұр деп екінің бірі айта беретін ұғымды *ақылым шақ* (*Хауа Ананы жаратуда мақсұты не?*

Сол арасын білуге ақылым шақ [5, 180]) түрінде, кешірім өтіну, сұрау дегенді - кешу сұрау (*Алдыңа кешу сұрай келіп тұрмын, Көзге тірі болсам да, өліп тұрмын*, [5,180]) деп, баласы жоқ, балаға мұқтаж дегенді - баладан кем (*Атым - Еңлік, мына шал - менің әкем, Малы көп, бірақ еркек баладан кем* [5,191]), Шын көңілден ұнату, қалтқысыз сүю деген фразеологизмдерді - ындынымен ұнату (*Ындыныңмен ұнатсаң, бер қолыңды, Саған сөзім қалмады енді айтпаған* [5,191]) деп жаңғыртқан.

Келтірілген мысалдардағы фразеологизмдер компоненттері деактуализация негізінде өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарынан айырылған, яғни фразеологиялануға ұшыраған.

Бұл – жазушы сөз қолданысындағы өзіндік шеберліктің бір қыры. Жазушы ертеден тілдік қолданыста бар әңгіме мақамына негіздеп алып отырған. Фразеологиялық тіркестердің жазушы қолданысында өзгеріске түсуі ешқандай нұқсан келтіріп тұрған жоқ, керісінше, жазушының өзіндік шеберлігін айқындай, тілін өткірлей түскен.

Қорыта айтқанда, қазақ ұлты өзіне тән ұлттық табиғатымен айрықшаланады. Әрбір ұлттың таным үрдісі мен рухани құндылықтарды қабылдау, зерделеу, тұжырымдау өрісі болады десек, жоғарыда келтірілген деректерден біздің ұлтымыздың дүниетаным ерекшелгі ақын поэзиясында кеңінен көрініс табады деуімізге негіз бар. Оның ішінде ақын шығармашылығы көркемдік құны жоғары, ұлттық-дүниетанымдық сипаты мол қазына деп біліміз.

Шәкәрімнің жеке табысы, еңбегі, ізденісі іспетті теңеулері ұлттық сипатты айқындаушы фразеологизмдер қатарына қосыла алатын рухани құндылықтар. Ол өз шығармаларында фразеологизмдерді шығарма тіліне мәнерлегіштік, бейнелегіштік нәр бере отырып молынан пайдаланғанын байқадық. Жазушы фразеологизмдерді талдап, тандап кейіпкердің образын сомдауда, мінезін ашу, портрет жасау, шығарманың идеялық көркемдік жақтарын жетілдіруде белгілі бір стильдік мақсатпен қолданған.

Ақынның фразеологизмдерді жаңартып жұмсау тәсілі, халық тілі үлгісімен жасалған, өз қаламынан шыққан қанатты сөздері қазақтың ауыз әдебиеті тілімен ұштасып жатқандығын дәлелдейді және қазақ фразеологиясын байытуға қосқан үлесі болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1977. -712 б.
2. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. –Алматы, 1975. -228 б.
3. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: 1995. - 95 б.
4. Құдайбердіұлы Ш. –Алматы: Жібек жолы, 2006.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 546 б.

6. Құдайбердіұлы Ш. Жол табалық ақылмен. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБАЙ КЛУБЫ – Жидебай, 2006. - 731б.
7. Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер. Кітапта: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 176 б.
8. Авакова Р. «Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы» Док. автореферат. – Алматы, 2003. - 5б.

ӘОЖ 81-003.033

КОНВЕРСИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ

Айтмағамбет Жангүл Ерланқызы

e.zhangul@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «5В011700-қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі — К.Садирова

Тілдің сөздік құрамындағы сөздер өзгермейтін, белгілі бір сөз таптарына не сөйлем мүшелеріне байланып, орын тәртібі қатып қалған нәрсе емес. Тілдің тарихи дамуы барысында олар үнемі үздіксіз қозғалыста болып, бір сөз табынан екінші бір сөз табына өтіп, сөйлем құрамындағы субъект пен объект өзгеріп, синтаксистік қызметін ауыстырып отырады. Содан кейін ғана сөздердің мағынасы мен түрлену жүйесі жаңа қызметке лайық жаңа түрге енеді. Осындай тілдің барлық деңгейлерінде болатын ауысуларға байланысты тіл білімінде «конверсия» термині қолданылады.

Конверсия — лингвистика саласының зерттеу объектілерінің бірі. Конверсияға «Лингвистикалық түсіндірме сөздікте» мынадай анықтама берілген: «Конверсия» (лат. *conversio* — өзгеру, айналу) — грамматика мен лексикада — мағынасы баламалы сөйлемдердегі субъект пен объект арасындағы қатынастың көрінісі... «конверсия (сөзжасам) — транспозицияның бір түрі. Арнайы аффикс қолданбайтын сөзжасамдық тәсіл. Бір сөз табындағы сөздің (немесе негіздің) тұлғалық өзгеріске ұшырамай, басқа сөз табы ретінде қолданылуы.» [1, 108-109 б.б.].

Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің сөздігінде» де осы тектес анықтама беріледі: «Конверсия» (лат. *conversio* — өзгеру, айналу) — грамматика мен лексикада субъект - объектілік қатынастарды мағынасы жағынан балама сөйлемдерде білдіру тәсілі. [2, 135-136 б.б.]

«Қазақ тілі энциклопедиясында» бұл мәселені былай бейнелейді: «конверсия — транспозицияның бір түрі. Ешқандай аффикстің көмегінсіз-ақ түбірдің не негіздің басқа сөз табына алмасуы арқылы жасалатын сөзжасам тәсілі» [3, 175 б.]

«Лингвистический энциклопедический словарь» атты сөздікте конверсия дегеніміз: «способ выражения субъектно — объектных отношений в эквивалентных по смыслу предложениях» [4, 234 б.]. Яғни, конверсия — субъект-объектілік қатынастарды мағынасы жағынан балама сөйлемдерде білдіру тәсілі немесе бір сөз табындағы сөздің тұлғалық өзгеріске ұшырамай, басқа сөз табы ретінде қолданылуы.

Қазақ тіл білімінде конверсия мәселесі туралы сөз қозғалған. Мәселен, «конверсиялық процесс» деп арнайы аталмаса да, А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың еңбектерінде сөз болады. А.Байтұрсынов ықшамдау құбылысын синтаксистік конверсия процесіне бір табан жақындастырып: «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер. Мұны ықшамдап айтқанда, Атаңа қылғаның алдыңа келер» [5, 217 б.], — деген мысал келтіреді. Келтірілген мысалдың ықшамдалған үлгісінде бастауыш — пысықтауыш ауысулары берілген. Бұдан тілші-ғалымның конверсия туралы ой қозғағаны байқалады. Ал Қ.Жұбанов конверсияға қатысты мынадай ой айтады: «...Бұрынғы замандағы сөйлем мүшелерінің байланысы соңғы амал